

GTAMP: 20.51.19

ОЖСБ ТЕСТІЛЕУ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.А. ШАНГЫТБАЕВА, Ә.М. БЕКЕНОВ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мобильді технологиялар – бұл кез келген өндіріс орындарының жаңа қызметі, тәжірбиелік біліктілік, келешек. Қазіргі заманда адамдар интернет желісіне ұялы телефондар және портативті компьютерлер көмегімен кіріп, керек ақпаратқа қол жеткізе алады. *Мақалада заманауи білім беру жүйесіндегі мобильді оқытуды қолдану аясы, білім беруге арналған мобильді қосымшалар құру және мобильді қосымшаларды құру арналған APPY PIE программасының мүмкіндіктері қарастырылды. Отандық білім беру жүйесіндегі мобильді оқытуды және аралас оқытуды енгізу мәселелері талқыланды. Мектеп оқушылары мен жастардың мобильді оқыту арқылы білім алуға қызығушылығын арттыру және мобильді құрылғылардың мүмкіндігін білім беруге тиімді пайдалану мақаланың түйіні болып табылады.*

Түйін сөздер: мобильді технологиялар, мобильді қосымшалар, APPY PIE программасы, HTML, Java, SQLite.

Аннотация: Мобильные технологии - это новое направление деятельности любой отрасли, практические навыки, перспективы. Сегодня люди могут получить доступ к Интернету с помощью мобильных телефонов и ноутбуков. В статье рассматриваются область применения мобильного обучения в современной системе образования, возможности программы APPY PIE для создания мобильных приложений для обучения и создания мобильных приложений. Были обсуждены вопросы внедрения мобильного обучения и смешанного обучения в отечественную систему образования. Суть статьи заключается в повышении интереса школьников и молодежи к образованию с помощью мобильного обучения и эффективного использования мобильных устройств в образовании.

Ключевые слова: мобильные технологии, мобильные приложения, программа APPY PIE, HTML Java SQLite.

Abstract: Mobile technologies are a new direction of activity of any industry, practical skills, prospects. Today, people can access the Internet using mobile phones and laptops. The article considers the scope of mobile learning in the modern education system, the capabilities of the APPY PIE program for creating mobile applications for training and creating mobile applications. The issues of introducing mobile learning and blended learning into the domestic education system were discussed. The essence of the article is to increase the interest of students and youth in education through mobile learning and the effective use of mobile devices in education.

Keywords: mobile technologies, mobile applications, program APPY PIE, HTML Java, SQLite.

Елбасы Н.А.Назарбаев айтқандай «Қазіргі заманда жастарға әлемдік стандарттарға сай мүдделі жаңа білім беру» деп атап кеткендей, жаңа заман талабы осы ұялы телефондардың қызметін жоғарылату мен қызметтер қосу міндеті тұр. Қазірде ұялы телефон білім беру жүйесінде де өз үлесін алуда.

Мобильді технологиялар тез арада адамдардың өмірінің кейбір салаларында таптырмас құрал болып еніп кеткенінде байқамай қалай оған байланып қалғанымызды да аңғармаған заман талабы. Оның ішінде білім беру саласы бірінші орында тұр десекте шатаспаймыз. Соның ішінде білім саласындағы онлайн-курстар, түрлі тілдер үйрену қосымшалары және математика, тарих, химия, биология, физика т.б. пәндерінен емтихандарға дайындық тренажерлер көптеп қолданылуы мобильді қосымшаларды құру мен пайдалану қарқынды дамуында.

Мобильді қосымшалар білім берудің барлық салаларын қамтиды және ғылымда да пайдалы, нәтижелі. Білім беру мақсаттарында мобильді қосымшаларды пайдалану ыңғайлы, тиімді және оң нәтижесін беріп жатыр. Әрине, бұндай қосымшалар толыққанды сабақтарды немесе университеттегі курсты алмастыра алмайды, бірақ қосымша пәнге байланысты жасалып, негізгі бөлімдер мен терминдер және тест жүйесіне дайындауға көмегі көп.

Білім саласындағы мобильді қосымшаларды құру ең тиімді инвестициялардың бірі болып табылады. Сондықтан мобильді қосымшалардың білімге арналған дүкендерінде білім беруде көптеген қызықты және пайдалы қосымшаларды табуға болады. Балалар мен ересектерге арналған білім беру қосымшалары: интерактивті алфавиттер, шет тілдерін үйтеру мен меңгерту, математика, химия және физика, жол ережелері, сурет және музыка сабақтары, тіпті мнемотехника және стереометрия курстары, әртүрлі пәндер бойынша тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, интерактивті кітаптар және сөздіктерді құрайды. Білім алушыға көмекші құрал мен жаттығулар орындауға көмектесетін бағдарламалар да жиі емес. Математика, геометрия, химия, физика пәндерінде формулалар жиынтығынан тұратын мобильді қосымшалар бар.

Мобильді қосымшалармен оқытудың артықшылықтары:

1. *Қолайлығы* - қосымша оқулықтар, сөздіктер, дәптер және жазу кітапшаларының орынын ауыстырады.
2. *Пайдалылығы* - білім беруге арналған мобильді қосымшалар сізге кез келген уақытта және кез келген жерде оқу мен пайдалану мүмкіндігін береді.
3. *Жеделділігі* - смартфонды ашып - мәтінді оқып, видеокөріп, аудио тыңдап немесе тесттен аз уақытта өту.
4. *Қолжетімділігі* – көптеген бағдарламалар тегін, ал кейбір жағдайларда қосымшаны пайдалану біліміңізді жетілдіру немесе жақсартудың жалғыз жолы болып табылады.
5. *Үнемділігі* – бағдарлама ақылы болса да, ол оқулықтан, сөздіктен немесе курстардың құнынан арзанырақ болуында.

Осындай қосымшаларды APPY PIE программасының мүмкіндіктерін пайдаланып Java, Python, HTML, PHP, C++ бағдарламалау тілдеріне байланысты қосымшалар және тестілеу жүйесіне арналған мобильді қосымша құрылды.

APPY PIE - мобильді қосымшалардың бұлтты конструкторларын әзірлеудегі бағдарлама. Қолданушыға арналған қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретін қызметтік орта. Ортада жұмыс жасау үшін кез келген жүктеу немесе орнату қажет емес - drag and drop функциясын қолданыңыз. APPY PIE бағдарламасына маңызды кіруге қажет - тіркелу және қолданба деректерін енгізу. APPY PIE бағдарламасында қолданбалы бірнеше қосымшалар даярлағыңыз келсе бағдарламаға тіркелуіңіз қажет. APPY PIE бағдарламасының интерфейсі үшін бірнеше парақтарды өңдеуге және қосуға болады. APPY PIE бағдарламасында қосымша құру үшін бірінші қадам бойынша құрылатын қосымшаның санатын анықтаймыз. Сіздің қосымшаңыздың атауы отыз таңбадан ұзын болмау қажет, сондай-ақ арнайы таңбалар болмайды тек ғана қарапайым таңбалар болады. APPY PIE бағдарламасында 24 санаттың түрлері бар: бизнес, ақпарат, сурет, денсаулық, білім және т.б.


APPY PIE ортасының мүмкіндіктейін зерттей келе, ортаның тиімділігін ескере отырып, осы ортада тестілеу жүйесіне арналған мобильді қосымшасын дайындадық.

Білімді тексеру кезінде ақпараттық технологиялардың қарқында дамуда өзінің ерекше үлесін қосты. Ол білім жүйесінің негізгі аспектілеріне тигізген көмегі зор. Оқытудың ақпараттық технологиясының дамуымен компьютерлік басқару жиі қолданылуда. Білімді дәстүрлі бақылауда, баға қоюдағы субъективтілік маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Адам әрдайым өзіне қойылған белгімен келісе бермейді. Бұл проблема заманауи компьютерлік тестілеу арқылы шешілген жоқ. Сондықтан ақпараттық технологиялар жүйесінде бақылаудың қағидаларына сәйкес келетін компьютерлік тестілеу бағдарламалары жазылды (1-сурет).



1 сурет. Тестілеу бағдарламасын құруда қолданылған тілдер

APPY PIE программасының көмегімен дайындалған қосымшада «Қазақстан тарихы», «Философия», «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша тесттер мен оның жинақтары қарастырылды (2-сурет).




2 сурет. Тестілеу бағдарламасының басты беті

Негізгі терезеден пәнді және тесттің қиындық деңгейін таңдауға болады (3, 4 суреттер).




3 сурет. Тестілеуді бастау




4 сурет. APPY PIE программа нәтижесі

5 суретте бейнеленгендей, тестілеу бағдарламасының негізгі тестілеу бетінде таңдалған пәні, сұрақтар мен жауаптары, тестілеуге кеткен уақыт, алған ұпайы көрсетіледі.



5 сурет. APPY PIE программа нәтижесі

6 суретте беріліп отырғандай, тестілеу бағдарламасының келесі қадамында жауаптың дұрыстығы тексеріліп, дұрас жауап жасыл түспен ерекшеленеді.



6 сурет. APPY PIE программа нәтижесі

Кез келген қолданушы тесттерді рет ретімен тапсырып, суретте көрсетілгендей әр бөлімдерді қарап орындауға және меңгерген білімдерін тексеруге көмегі көп тиетініне сенімдіміз.

Қорытындылай келе білім беру мақсатында мобильді қосымшалардың пайдасы өте зор, себебі, сіз ережелер мен мәтіндерді оқи аласыз, бейнежазбаларды көріп, аудио файдар тыңдап, интерактивті тест арқылы өтіп, нәтижеңізді көріп отырасыз аласыз. Бұндай мобильді қосымшалар жаттығулар мен тапсырмалар орындауға қосымша немесе негізгі құралдардың бірі болуы мүмкін

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Разработка приложений для Windows Phone 7 [Электронный ресурс]. - <http://msdn.microsoft.com/ru-ru/windowsphone/default.aspx>
2. <https://www.appypie.com>, <https://snappy.appypie.com/appbuilder/creator-software>
3. https://en.wikipedia.org/wiki/Appy_Pie
4. <https://ru.appypie.com/ebook-app-builder>
5. Пугачев С. В., Павлов С. И., Сошников Д. В. - Разработка приложений для Windows Phone 7.5. – СПб.: БХВ-Петербург, 2012. – 384 с.
6. Хашими С., Коматинени С., Маклин Д. Разработка приложений для Android. - СПб.: Питер, 2011. – 736 с.
7. Майер Р. Professional Android 2: Application Developmentecond EditionM.: Эксмо, 2011. – 672 с.

SRSTI 50.41.25

ADVANTAGES OF THE PLATFORM NODE.JS TO DEVELOP A CHATBOT

S.M.SARSIMBAYEVA

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

Түйіндемe. Мақалада чат-бота сияқты бағдарламалық жүйелерді құру мәселелері қарастырылған. Пайдаланылатын бағдарламалық шешімдер мен платформаларға шолу жасалған, Node.js бағдарламалық платформасын пайдалану қажеттігі анықталып, негізделген, сондай-ақ Node.js веб сервердің рөлін орындайтыны анықталды. Node.js Telegram, Facebook Messenger және басқа платформалар үшін бағдарламалық жүйелерді – чат-боталарды құруға мүмкіндік береді. Node.js платформасының мүмкіндіктері қарастырылды, бағдарламалық жүйе ретінде чат-боталардың архитектурасы, чат-бота құру кезеңдері. Жүргізілген зерттеу негізінде тауарды жеткізу және тауарды жеткізетіндермен жеткізуге тапсырыс беретін клиенттердің өзара іс – қимыл процесін оңтайландыру мақсатында бағдарламалық қамтамасыз ету-бот чат-бота құрылды. Өзірленген қосымша менеджерлердің, компаниялардың бизнес-құрылымдарының жұмысын оңтайландыруға және жеке клиенттерге жеткізу қызметтерін атқару үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: чат-бота, бэкенд, фронтенд, вебхук, автоматты жауаптар, мессенджер, сайт.

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы разработки таких программных систем, как чат-бота. Сделан обзор используемых программных решений и платформ, выявлена и обоснована необходимость использования программной платформы Node.js, для разработки чат-бота, выполняющая также и роль веб сервера. Node.js позволяет разрабатывать программные системы, в том числе и чат-боты для платформ Telegram, Facebook Messenger и других. Рассмотрены возможности платформы Node.js, архитектура чат-бота, как программной системы, этапы разработки чат-бота. На основе проведенного исследования разработано программное обеспечение – чат-бота с целью доставки товара и оптимизации процесса взаимодействия клиентов, заказывающих доставку, с теми кто доставляет товар. Разработанное приложение позволяет оптимизировать